



"Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы N 3827 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қарашадағы N 1092 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы N 3827 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы N 3827 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

"Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 4-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кәсіптік мерекелер мен атаулы күндер туралы" 1998 жылғы 20 қаңтардағы N 3827 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 1, 1-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) тақырыбындағы "кәсіптік мерекелер мен атаулы күндер" және 1-тармақтағы "кәсіптік мерекелер мен атаулы күндердің" деген сөздер тиісінше септеліп "кәсіптік және өзге де мерекелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасындағы кәсіптік мерекелер мен атаулы күндердің тізбесі осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы

" _ _ " _ _ _ _

N _ _ _ _ Ж а р л ы ғ ы н а

Қосымша

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1998 жылғы 20 қаңтардағы
N 3827 Жарлығымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелердің тізбесі

Отан қорғаушы күні	- 7 мамыр
Саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын еске алу күні	- 31 мамыр
Баспасөз, теледидар және радио күні	- 28 маусым
Медициналық қызметкер күні	- маусымның үшінші жексенбісі
Білім күні	- 1 қыркүйек
Қазақстан Республикасының халықтары тілдерінің күні	- 22 қыркүйек
Мұғалім күні	- қазанның бірінші жексенбісі
Ұлттық валюта күні	- 15 қараша
Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні	- қарашаның үшінші жексенбісі